

CIVIL LAW, CIVIL PROCESS
АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ, АЗАМАТТЫҚ ҮРДІС
ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО, ГРАЖДАНСКИЙ ПРОЦЕСС

FTAXP 10.23.43
ӨОЖ 347.451
JEL K21

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2023-1-2-12-17>

Ғ.М. ҚАЛМЫРЗА,*¹
З.Ғ.М., сениор-лектор.
*e-mail: g.kalmyrza@turan-edu.kz
ORCID ID: 0009-0001-5154-6180
¹«Тұран» университеті,
Алматы қ., Қазақстан

**НАРЫҚТАҒЫ БИЗНЕС СУБЪЕКТИСІНІҢ
ҮСТЕМ ЖАҒДАЙЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ**

Андатпа

Нарық субъектілерінің үстем жағдайын реттеу – нарықтағы өзекті мәселе, ал оны заң шеңберінде реттеу кәсіпкерліктің дамуына, кәсіпкерлер арасында шынайы, адал, әділ бәсекенің дамуына тікелей байланысты. Бұл мақаланың мақсаты Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің 172-бабында нарық субъектісінің үстем жағдайын анықтау, 174-бапта [1] нарық субъектісінің үстем жағдайын теріс пайдаланған жағдайда туындайтын жауапкершілікке нақты қорытынды жасау. Зерттеу барысында көтерілген мәселелер мен мақсаттардың маңыздылығы, ондағы тұжырымдар нарықтағы бәсекелестік саласындағы құқықбұзушылықтармен күрес жүргізуге үлкен үлес қосады. Тақырыпты зерттеу барысында жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістер қолданылды. Мақаланың тәжірибелік құндылығы зерттеу төңірегінде автордың жасаған тұжырымдары кәсіпкерлік заң нормаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ұсыныстарын тұжырымдау.

Тірек сөздер: кәсіпкерлік, мемлекеттік қолдау, бәсеке, нарық субъектісі, үстем жағдай, үстем жағдайды теріс пайдалану, монополия.

Кіріспе

1991 ж. тәуелсіздігін алғаннан кейін еліміз нарықтық экономикалық қатынастарға қадам басты. Нарықтық экономикалық жағдайға көшуіне байланысты елімізде көптеген өзгерістер болды, атап айтсақ, Монополияға қарсы саясат жөніндегі комитет, Салық инспекциясы, Кеден органдары және т.б. жаңа мемлекеттік мекемелер құрылды. Сонымен бірге нарықтық жағдайға тән инфрақұрылымның түрлері ретінде сауда орталықтары, жеке меншік және мемлекеттік меншік нысанына негізделген ұйымдар, әртүрлі екінші деңгейдегі банктер құрылды. Аталған шаруашылық субъектілерінің өндіріп жатқан өнімдерінің, көрсетіп жатқан қызметтерінің сапалы, сұранысқа ие болуы үшін нарық субъектісі бәсекеге қабілетті болуы қажет. Бәсеке дегеніміз бірдей өнім өндірушілердің немесе ұқсас қызмет көрсетушілердің арасындағы мол табысқа қол жеткізу барысындағы экономикалық жарысы. Бәсеке бар жерде алға жылжу, даму болады. Сондықтан нарықта бизнес субъектілерінің көбірек болғаны жөн.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу тақырыбын дайындау барысында жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістер қолданылды. Нақтырақ айтсақ, азаматтық құқық ғылымында жеке құқықтық әдіс ретінде құқықтанудың салыстырмалы анализ жасау, кешенді талдау, статистикалық саралап бағалау (оның ішінде құжаттарды зерттеу, контент талдау) жатады.

Әдебиетке шолу

Нарықтағы бизнес субъектілерінің үстем жағдайы және оны теріс пайдалану өзектілігін жоғалтқан емес. Аталған тақырыппен байланысты ғылыми зерттеулерді келесі отандық ғалымдардың А.Т. Айтжанов, И.В. Князева, Қ.Ж. Қалтұрсынов, З.Т. Абдукаримова, Е.Т. Сатылғанов, А.Б. Бекенова, Г.Р. Тұрғынбек, Астана қаласының ауданаралық мамандандырылған экономикалық сотының судьясы А.Д. Смаилов, шетелдік М.А. Егорова, Ч.М. Мамиев, Paul McMahon сияқты ғалымдардың еңбектерінен көрініс табады.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін елде жекешелендіру процесі басталды. Мемлекеттік меншікті жекешелендірусіз нарыққа көшу мүмкін емес. Сондықтан нарықта белгілі бір кәсіпкерлік субъектілерін құрып, халықтың санасында меншік иесі деген көзқарасты қалыптастыру маңызды болды. Елімізде бірқатар өндіріс орындары ашылып, халықтың көпшілігі жұмыспен қамтылды. Қазақстан қазіргідегідей үлкен жетістікке жету үшін көптеген қиындықтарды бастан кешірді. Бүгінде елімізде ауылшаруашылық, автомобиль құрастыру, соның ішінде жеңіл автокөлік құрастыру, радиотехника, компьютер құрастыру, жиһаз жасау өнеркәсібі, құрылыс индустриясы және т.б. салалар қарқынды дамып келеді.

Еліміздің алдына қойған мақсаттарының бірі – халқымыздың тұрмысын жақсарту. Осыған байланысты әрбір қазақстандыққа кәсіпкерлік еркіндік берілді. Қазақстан Республикасының Конституциясының 24-бабына сәйкес әркімнің еңбек ету бостандығына, кәсіп пен қызметтің түрін еркін таңдауына құқығы бар делінген [2]. Сондай-ақ, елімізде заң рұқсат еткен кәсіпкерліктің түрімен айналысамын деген азаматтарға мемлекет тарапынан түрлі қолдау шаралары көрсетіледі. Атап айтсақ, Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кейбір шаралары туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1060 қаулысына сәйкес бірқатар мемлекеттік қолдау шаралары жасалады: [3] бизнесті дамыту үшін кәсіпкерлерге субсидия беру; республика көлемінде жаңашаланған бизнес идеяларды жүзеге асыруға мемлекеттік гранттар беру; кәсіпкерлікті дамыту үшін ұлттық жоба көлемінде өндірістік (индустриялық) инфрақұрылым жүргізу; бизнесті ақшалай емес қолдауды ұсыну; сонымен қатар бизнес субъектілердің бәсекелестік қабілеттілігін нығайтуға арналған «Бәсекеге қабілеттілік» инвестициялық гранттарын беру. Мысалы, ауыл шаруашылығы саласында кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне жеңілдетілген салық салуды енгізу, субсидиялар беру және көктемгі егіс пен егін жинауға жеңілдетілген несие беру арқылы жүзеге асырылады. Шағын және орта бизнес саласында бизнес-инкубаторлар құру арқылы қолдау көрсетеді. Бизнес-инкубатор – бұл шағын кәсіпорындардың қалыптасу кезеңінде өндірістік ұйымдарды, жабдықтарды, ұйымдастыру; құқықтық, қаржылық, консалтингтік және ақпараттық қызметтерді көрсету арқылы қолдау көрсету үшін құрылған заңды тұлға болып есептеледі.

Кәсіпкерліктің қарқынды дамуына мемлекет те мүдделі, өйткені елімізде жұмыс орындары ашылып, халық жұмыспен қамтылады, жұмыссыздық саны қысқарады, ол өз кезегінде қылмыстылықтың алдын алады, сонымен бірге кәсіпкерліктен мемлекеттік бюджетке салықтар, басқада міндетті төлемдер түседі. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда кәсіпкерліктің дамуына түрткі болған, кәсіпкерлікті қолдауға байланысты бірқатар заң актілері, атап айтсақ, Қазақстанда кәсіпкерліктің дамуы мен шаруашылық қызметтің еркіндігі туралы» (1991), «Жеке кәсіпкерлікті қолдау және қорғау туралы» (1992) заң қабылданды. Экономикалық жағдайдың тұрақты болуы, кәсіпкерлердің бәсекелестік дәрежесін қалыптастырудың басты міндеті-кәсіпкерлікті дамыту болып саналады [4, 29 б.]. Осыған дейін елімізде «Жосықсыз бәсеке

туралы», «Бәсекелестік туралы» заң актілері әрекет етті. Бүгінгі таңда аталған заң актілері өз күшін жойған, бәсекелестік туралы барлық нормалар қазіргі Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген. ҚР Кәсіпкерлік Кодексінің 161-бабына сәйкес «Экономикалық бәсеке» деп аталатын тарау ҚР-ның тауар нарығындағы бәсекеге әсер ететін қатынастарға қатысатын субъектілерді атап көрсеткен: олар нарық субъектілері; тұтынушылар; сондай-ақ мемлекеттік органдар және жергілікті органдар. ҚР Кәсіпкерлік Кодексінің 164-бабына сәйкес нарық субъектісі мыналар:

- 1) кәсіпкерлікпен айналысатын жеке тұлғалар;
- 2) кәсіпкерлікпен айналысатын ҚР-дағы заңды тұлғалар;
- 3) кәсіпкерлікпен айналысатын шетелдік заңды тұлға (оның филиалдары мен өкілдіктері).

Нарық субъектісін анықтауымыз үшін ол бірінші кезекте, кәсіпкерлікпен айналысу керек [1]. ҚР Азаматтық Кодексінің 10 бабына сәйкес кәсіпкерлік – азаматтардың және меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалардың тауарға (жұмыс, қызмет) сұранысты қанағаттандыру жолымен пайда табу мақсатында өз инициативасымен жүзеге асырылатын қызмет [5]. Ондай болса, бәсекені қорғау саласында нарық субъектісін анықтаудың бірден бір жолы – оның пайда табуында деп көрсетеді заңнамада. Шаруашылық бизнес субъектілерінің нарықтан алатын үлесі әртүрлі. Нарықтағы үлес өнімнің немесе қызметтің сапасына, құнына байланысты болып келеді. Сондықтан нарық субъектілері өнімдеріне, қызметтеріне сұраныс көп болуы үшін жарнама жасау арқылы өздерінің нарықта бар екендігінен хабардар етеді. Өнімге, көрсетілетін қызметке сұраныс көп болған жағдайда нарық субъектілерінің нарықтан үлесі яғни, табатын пайдасы көп болады. Мұндай жағдайда бизнес субъектісінің нарықтағы жағдайы үстем болады. Бизнес субъектісінің үстем жағдайы тауар нарықтары бойынша қазақстандық және шетелдік монополияға қарсы заңнаманың негізгі категорияларының бірі болып табылады [6, 38 б.]. Жалпы үстемдік, басымдық, бір нәрседен жоғары тұру дегенді білдіреді. Бұл шаруашылық жүргізуші субъектінің қызметіне монополияға қарсы бақылаудың қажетті шарты болып табылады, өйткені мұндай ереже оны басқа шаруашылық жүргізуші субъектілер мен тұтынушылардың заңды мүдделеріне нұқсан келтіріп, өз мүддесіне пайдалануға мүмкіндік береді. Үстем жағдай – монополияланудың басты өлшемдерінің бірі [7, 108 б.]. Компанияның нарықтағы үлесімен, оның технологияларға, шикізатқа, капиталға қол жеткізу мүмкіндіктерімен айқындалады. Үстем жағдай компанияның бәсекелестер, тұтынушылар, жеткізушілер тарапынан жасалатын ықпалды ескерусіз қалдырып, шешім қабылдауы деген мағынаны білдіреді. Үстем жағдай шаруашылықты жүргізуші бір немесе бірнеше субъектінің орнын басатын тауары немесе бірінбірі алмастыратын тауарлары жоқ тауар нарығындағы айрықша жағдайы, мұндай жағдай оған тиісті тауар нарығында тауар айналысының жалпы жағдайына шешуші ықпал етуіне немесе шаруашылық жүргізуші басқа субъектілердің нарыққа қол жеткізуін қиындатуына мүмкіндік береді. Дамыған елдерде белгілі бір шаруашылық жүргізуші субъектінің белгілі бір тауар нарығындағы монополияланудың шекті деңгейін сипаттайтын тиесілі үлесінің көрсеткіші 60%-ды құрайды (90%-дан астам нарықтық үлеске жету толық монополия деп есептеледі); нарықтағы бүкіл айналымның 65%-ы Ресейде; 33%-ы Германияда, 25%-ы Францияда, Норвегияда, Австрияда, Ұлыбританияда. Нарықтан табатын үлесі көп болған жағдайда шаруашылық субъектілері әртүрлі құқықбұзушылықтарға жол беруі мүмкін. Атап айтсақ, үстем жағдайды теріс пайдаланып монополиялық жоғары баға бекітуі, өтпей тұрған ассортиментті мәжбүрлі түрде өткізу, сатып алушыларға әртүрлі бағада сату және т.б. Бәсекені қорғау және дамыту агенттігі осы сияқты әрекеттер орын алған жағдайда Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінің нормаларына сәйкес айыппұл салады, монополиялық табыс мемлекет қазынасына тәркілейді, егер қылмыстың сипаты болатын болса Қылмыстық Кодекстің нормалары бойынша жауаптылыққа тартады. Осы жақында ғана елімізде ең ірі такси тасымалдау қызметін ұсынатын «Яндекс» таксиге, «Мобайл телеком сервис» байланыс операторына (телефон-2) қатысты үстем жағдайды теріс пайдаланғаны үшін тергеу жүргізілді, нәтижесінде аталған кәсіпкерлерден 5,5 млрд теңге айыппұл өндірілді. Бұл өткен жылдарға қарағанда нарықтағы үстем жағдайды теріс пайдаланғандарға тағайындалған жауаптылықтың күшейгенін көруімізге болады.

Қорытынды

Зерттеу жұмысында нарықта шаруашылық субъектісінің үстем жағдайы және оны теріс пайдалану мәселесіне байланысты жасалған тұжырымдар елімізде де, шетелде де өзекті. 2015 жылғы 29 қазанда қабылданған Кәсіпкерлік Кодекстегі «Экономикалық бәсеке» деп аталатын 4-бөлім монополияға қарсы реттеудің реттілігіне ықпал етеді және оң нәтиже береді. Айта кету керек, елімізде жүргізілген экономикалық реформалар көптеген салалардың экономикалық шоғырлануына алып келді. Десекте, нарықта өнім сапасын тұрақты түрде жақсартуды қамтамасыз ететін мықты бәсекелес, сондай-ақ кепілдік қызмет көрсету әдістерін жетілдіріп отыратын ірі компаниялардың болуы тиімді және түптеп келгенде тұтынушыларға пайда әкеледі.

Нарық субъектісінің нарықта үстем немесе монополиялық жағдайға ие болуына тыйым салынбайды және ол заң бұзушылық болып табылмайды. Бірақ мұндай құқықтық қабілеттілік нарық субъектілері үшін белгілі бір құқықтық салдарға әкеп соғады. Сонымен, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 8-бабына сәйкес, азаматтар мен заңды тұлғалардың басқа адамға зиян келтіруге, құқықты өзге де нысандарда теріс пайдалануға бағытталған әрекеттердің жүзеге асыруына жол берілмейді. Сондай-ақ, Азаматтық кодекстің 11-бабына сәйкес, кәсіпкерлердің азаматтық құқықтарды бәсекелестікті шектеу мақсатында пайдалануға тыйым салынады, оның ішінде:

1) кәсіпкерлердің нарықтағы үстем жағдайын теріс пайдалануы, атап айтқанда, тауар тапшылығын тудыру немесе бағаны көтеру мақсатында өндірісті шектеу немесе тоқтату немесе тауарларды айналымнан алу;

2) ұқсас кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың бағаларын, нарықтарды бөлу, басқа кәсіпкерлерді жою және бәсекелестікті елеулі түрде шектейтін өзге де талаптары туралы шарттар жасасуы және орындауы.

Заң шығарушы теріс пайдаланудың 11 түрін тікелей тізімдейді, бірақ бұл тізім ашық және басқа нұсқалар осы кең анықтамаға жатқызылуы мүмкін, дегенмен мұндай жағдайлар өте сирек кездеседі. Бұл жерде айта кететін жайт, ҚР ҚК-нің 174-бабына сәйкес көрсетілген теріс пайдаланудың бірнеше түрі бірін-бірі қайталайды.

Қорытындылай келе, монополияға қарсы реттеу ең алдымен фирмалардың нарықтық мінез-құлқына бағытталғанын және реттеу тетіктері жүйесінде нарық құрылымын бақылау аз рөл атқаратынын атап өткен жөн. Теріс пайдаланудың негізгі нысандары мен түрлері: артық (төмен бағаланбаған) баға белгілеу, бағалық жеңілдіктер, кемсітушілік, тауарды жеткізуден бас тарту, қол жеткізудің кемсітушілік шарттары, тік шектеулер кең тараған құқықбұзушылық болып қала береді. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің нормаларына сәйкес нарық субъектісінің үстем жағдайда болуына рұқсат етілгенмен, оның үстем жағдайды теріс пайдалануына тиым салынады. Нәтижесінде түпкілікті тұтынушының құқығына қол сұғу арқылы үстемдікті теріс пайдалану әрекеті бүкіл нарықтағы бәсекелестікті айтарлықтай шектей отырып, жауаптылыққа тартуға негіз болады. Өйткені, үстем жағдайды теріс пайдалану көптеген тұтынушылардың әл-ауқатына орасан зиян келтіруімен сипатталады. Сондықтан нарық субъектісінің үстем жағдайды теріс пайдаланғанында тек айыппұлмен ғана шектелмей, қолданылатын жауапкершілікті күшейту керек деген пікірдеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі: 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ қабылданған. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375>

2 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданған (жаңартылған)/ Қазақстан Республикасы Парламентінің жаршысы, 1996 жылғы № 4, 217-құжат (Қазақстан Республикасы Парламентінің басылымы).

3 Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кейбір шаралары туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1060 қаулысы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001060>

- 4 Аралбаева А.А., Стамкулова Г.А. Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік құқығы: учебное пособие. Алматы: «Тұран» университеті, 2021. – 250 б.
- 5 Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі: 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ. (2023.07.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51006061
- 6 Айтжанов А.Т., Князева И.В., Қалтұрсынов Қ.Ж. ҚР Бәсекелестік құқығы: оқу құралы. – Астана, 2015. – 200 б.
- 7 Абдукаримова З.Т., Сатылғанов Е.Т., Бекенова А.Б., Тұрғынбек Г.Р. Кәсіпкерлік құқық: оқу құралы. – Тараз: Тараз университеті, 2020. – 160 б. URL: <http://elib.dulaty.kz/MegaPro/Download/MObject/33709>
- 8 Смаилов А.Д. Злоупотребление доминирующим или монопольным положением: понятие и виды в законодательстве РК. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38990483
- 9 Егорова М.А. Злоупотребление доминирующим положением как частный случай злоупотребления правом // Совершенствование законодательства. – 2018. – № 4(137). – 70 с.
- 10 Мамиев Ч.М. Понятие «доминирующее положение» и его характерные признаки. – Общество и право. – 2011. – № 5(37). – 232 с.
- 11 Paul McMahon «Market dominance». URL: <https://mcmahonsolicitors.ie/market-dominance/>

REFERENCES

- 1 Qazaqstan Respublikasynyñ Käsipkerlik Kodeksi. Qazaqstan Respublikasynyñ Kodeksi: 2015 jylǵy 29 qazandaǵy No. 375-V QRZ qabyldanǵan. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375>. (In Kazakh).
- 2 Qazaqstan Respublikasynyñ Konstitusiasy 1995 jyly 30 tamyzda qabyldanǵan (jañartylǵan) / Qazaqstan Respublikasy Parlamentiniñ jarǵysy, 1996 jylǵy No. 4, 217-qújat (Qazaqstan Respublikasy Parlamentiniñ basylımy). (In Kazakh).
- 3 Jeke käsipkerlikti memlekettik qoldaıdyñ keibir şaralary turaly Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 2019 jylǵy 31 jeltoqsandaǵy No. 1060 qaulysy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001060>. (In Kazakh).
- 4 Aralbaeva A.A., Stamkulova G.A. (2021) Qazaqstan Respublikasynyñ käsipkerlik qúqyǵy: uchebnoe posobie. Almaty: «Túran» universiteti, 250 p. (In Kazakh).
- 5 Qazaqstan Respublikasynyñ Azamattyq Kodeksi. Qazaqstan Respublikasynyñ Kodeksi: 1994 jylǵy 27 jeltoqsandaǵy No. 268-HIII. (2023.07.03. berilgen özgerister men tolyqtyrularmen). URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51006061. (In Kazakh).
- 6 Aitjanov A.T., Knäzeva İ.V., Qaltürsynov Q.J. (2015) QR Bäsekelestik qúqyǵy: oqu qūraly. Astana, 200 p. (In Kazakh).
- 7 Abdugarimova Z.T., Satylǵanov E.T., Bekenova A.B., Tūrǵynbek G.R. (2020) Käsipkerlik qūqyq: oqu qūraly. Taraz: Taraz universiteti, 160 p. URL: <http://elib.dulaty.kz/MegaPro/Download/MObject/33709>. (In Kazakh).
- 8 Smailov A.D. Zloupotreblenie dominirujushhim ili monopol'nym polozheniem: ponjatie i vidy v zakonodatel'stve RK. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38990483. (In Russian).
- 9 Egorova M.A. (2018) Zloupotreblenie dominirujushhim polozheniem kak chastnyj sluchaj zloupotreblenija pravom // Sovershenstvovanie zakonadatel'stva. No. 4(137). 70 p. (In Russian).
- 10 Mamiev Ch.M. (2011) Ponjatie «dominirujushhee polozhenie» i ego harakternye priznaki. – Obshhestvo i pravo. No. 5(37). 232 p. (In Russian).
- 11 Paul McMahon «Market dominance». URL: <https://mcmahonsolicitors.ie/market-dominance/>. (In English).

/

Г.М. КАЛМЫРЗА,*¹

м.ю.н., сениор-лектор.

*e-mail: g.kalmyrza@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0001-5154-6180

¹Университет «Туран»,

г. Алматы, Казахстан

ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ДОМИНИРУЮЩЕГО ПОЛОЖЕНИЯ СУБЪЕКТА ХОЗЯЙСТВОВАНИЯ НА РЫНКЕ

Аннотация

Регулирование доминирующего положения субъектов рынка является актуальным вопросом на рынке, и его регулирование в рамках закона напрямую связано с развитием предпринимательства, развитием реальной, честной и справедливой конкуренции среди предпринимателей. Целью настоящей статьи является определение доминирующего положения субъекта рынка, которое предусмотрено в статье 172 Предпринимательского кодекса Республики Казахстан, и заключение об ответственности, возникающей в случае злоупотребления субъектом рынка доминирующим положением по статье 174 Предпринимательского Кодекса РК [1]. Важность затронутых в ходе исследования вопросов и целей, выводы внесут вклад в борьбу с нарушениями в сфере рыночной конкуренции. При изучении темы использовались общенаучные и индивидуально-научные методы. Практическая ценность статьи заключается в выводе, сделанном автором в контексте исследования, и формулировании предложений по изменению и дополнению норм предпринимательского права.

Ключевые слова: предпринимательство, государственная поддержка, конкуренция, субъект рынка, доминирующее положение, злоупотребление доминирующим положением, монополия.

G.M. KALMYRZA,*¹

m.j.s., senior lecturer.

*e-mail: g.kalmyrza@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0001-5154-6180

¹Turan University,

Almaty, Kazakhstan

LEGAL REGULATION OF THE DOMINANT POSITION OF A BUSINESS ENTITY IN THE MARKET

Abstract

Regulation of the dominant position of market entities is a topical issue in the market, and its regulation within the framework of the law is directly related to the development of entrepreneurship, the development of real, fair and fair competition among entrepreneurs. The purpose of this article is to determine the dominant position of a market entity, which is provided for in Article 172 of the Entrepreneurial Code of the Republic of Kazakhstan, and to make an unambiguous conclusion about the liability arising in the event of abuse of a dominant position by a market entity under Article 174 of the Entrepreneurial Code of the Republic of Kazakhstan [1]. The importance of the issues and objectives raised during the study, the conclusions will make a great contribution to the fight against violations in the field of market competition. When studying the topic, general scientific and individual scientific methods were used. The practical value of the article lies in the conclusion made by the author in the context of the study and the formulation of proposals for changing and supplementing the norms of business law.

Key words: entrepreneurship, state support, competition, market entity, dominant position, abuse of dominant position, monopoly.